



№12
(13757)
26 наурыз
бейсенбі,
2026 жыл

Құрманғазы аудандық
қоғамдық - саяси газеті

СЕРПЕР

Газет
1930 жылдың
10 қазанынан
шыға бастады



Ser-per.kz



Serpergazeti



Серпер газеті



Serper_s@inbox.ru

БҮГІНГІ САНДА



ЕҢБЕККЕ
БАУЛУ –
ТӘРБИЕНІҢ
БАСТАУЫ

5-бетте



ДӘСТҮРЛІ
ӘН
ДӘРІПТЕЛДІ

8-бетте

КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК

ҚАМҚОРЛЫҚ ПЕН ОҢАЛТУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Ауданымызда ерекше қажеттілігі бар балалар мен жалғызбасты қарттарға әлеуметтік қолдау көрсету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді. Солардың бірі – зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығы. Бұл мекеме өмірдің қиын жағдайына тап болған жандарға қолдау көрсетіп, олардың қоғамға бейімделуіне, өмір сүру дағдыларын қалыптастыруына бағытталған арнайы әлеуметтік қызметтер ұсынады.



Аталған орталық 2017 жылы жартылай стационарлық бағытта ашылып, бүгінгі күні 26 қызмет алушыға арнайы әлеуметтік қызмет көрсетіп келеді. Ал 2019 жылдан бастап мекеме жартылай стационарлық қызметпен қатар үйден әлеуметтік қызмет көрсету жұмыстарын да жүзеге асыруда. Мекемеде барлығы 73,5 штат бірлігі бекітілген. Оның ішінде жартылай стационарлық бөлімде – 42,5, ал үйден қызмет көрсету бөлімінде 31 қызметкер еңбек етеді. Қазіргі таңда жартылай стационар жағдайында 26 бала (16 ұл, 10 қыз) арнайы әлеуметтік қызмет алады. Сонымен қатар үйден қызмет көрсету бөлімінде 136 адамға көмек көрсетіледі. Оның ішінде 100 жалғызбасты қарт пен 36 мүгедектігі бар бала бар. Қызмет алушылардың орталыққа келуін жеңілдету мақсатында мекемеде екі инвентаси автокөлігі жұмыс істейді. Олар Құрманғазы – Еңбекші – Мақаш және Құрманғазы – Нұржау – Ақкөл бағыттары бойынша күн сайын тәңертең және кешкі уақытта балаларды тасымалдап, орталыққа жеткізеді. Айтпақшы, орталық 2025 жылдың 31 наурызында жаңа ғимаратқа көшіп келді. Қазіргі таңда мекеме толықтай бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар мемлекеттік мекеме өз қызметін лицензия негізінде жүзеге асыру үшін материалдық-техникалық базаға қойылатын ең төменгі талаптарға сәйкес қажетті құрал-жабдықтармен толық

жабдықталған. Осы мақсатта облыстық бюджеттен 65 миллион 837 мың теңге қаржы бөлініп, орталыққа заманауи құрал-жабдықтар сатып алынды. Екі қабатты ғимаратта асхана, жатын бөлмелер, дене шынықтыру залы, медициналық және оқшаулау кабинеттері, массаж және емдік дене шынықтыру кабинеттері, сенсорлық бөлмелер мен мамандарға арналған кабинеттер орналасқан. Қызмет алушылар күнделікті арнайы ас мәзіріне сәйкес төрт мезгіл диеталық тағаммен қамтамасыз етіледі. Орталықта логопед маманы Сабитова Айдана, дефектолог маманы Сеймова Гүлзара, психолог маманы Иргазиева Жанар, еңбек терапиясы жөніндегі нұсқаушы маманы Ганиев Шайдолла, тәрбиешілер Ахметқалиева София, Шамелова Гүлсара, Сүйнишева Бақытгүл, мәдени ұйымдастырушы маманы Каржанов Ануарбек және дене шынықтыру мұғалімі маманы Набидуллин Бахтыгүл қызмет етеді. Мамандар балалардың денсаулығы мен даму деңгейін жақсарту мақсатында түрлі заманауи әдістерді қолданады. Атап айтқанда, сенсорлық интеграция, нейрожаттығу, ұсақ қол моторикасын дамыту, логопедиялық түзету, психологиялық тренингтер және түрлі коррекциялық жұмыстар жүргізіледі. Сонымен қатар балалармен дене шынықтыру жаттығулары, шығармашылық және

танымдық сабақтар ұйымдастырылады. Қызмет алушылардың денсаулығын бақылау үшін орталықта педиатр дәрігер, психиатр, невропатолог және мейірбикелер қызмет көрсетеді. Балалардың денсаулығы тұрақты бақылауда болып, қажет болған жағдайда емдік-сауықтыру шаралары ұйымдастырылады. Білім беру бағытында да жұмыстар жүргізіліп келеді. Қазіргі уақытта орталықтың бірнеше тәрбиеленушісі аудан мектептерінде арнайы оқу бағдарламалары бойынша білім алып жатыр. Орталық мамандары үйден әлеуметтік қызмет көрсету бағытында да жүйелі жұмыс жүргізуде. Әлеуметтік қызметкерлер жалғызбасты қарттар мен мүгедектігі бар балаларға күнделікті тұрмыстық көмек көрсетіп, азық-түлік әкелу, дәрі-дәрмек алу, медициналық тексеруден өтуге жәрдемдесу сияқты түрлі қызметтер атқарады.

Орталықта еңбек еткен мамандардың еңбегі ата-аналар тарапынан да жоғары бағаланып келеді. Соның бірі – логопед-дефектолог маман Эльмира Нурушева. Ата-аналардың айтуынша, ол балалармен жұмыс барысында ерекше ықылас пен кәсіби шеберлік танытқан мамандардың бірі. Бұл жөнінде ата-ана Әсел Жеңісқызы өз пікірін білдірді:

– Құрманғазы ауданының зейнеткерлер мен мүгедектерге әлеуметтік қызмет көрсету аумақтық орталығының логопед-дефектолог маманы Нурушева Эльмира Ғалимжанқызына ерекше алғысымды білдіремін. Баламның кішкентай жүрегінен терең орын алған Эльмира апайды бала жанын терең түсіне білетін, талапшы, мәдениетті, ата-аналармен жақсы қарым-қатынас орната білген өз ісінің шебері ретінде танимын. Көрсеткен қамқорлығы мен жылы жүрегі үшін алғыс айтамын. Қиын сәттерде баламның жанынан табылып, қолдау көрсетіп, үміт пен сенім сыйлағаны біз үшін өте қымбат. Қазіргі таңда кейбір жағдайларға байланысты басқа мекемеде жұмыс жасап жатқанын білеміз. Балалар оған қатты бауыр басқан еді. Сондықтан Эльмира апайдың орталыққа қайта оралуын ата-аналар ретінде үмітпен күтеміз, – дейді ол.

Бүгінде орталық жұмысы жаңа басшылықпен жалғасуда. Мекемеге 2025 жылдың шілдесі айынан бастап Жүгінісов Болат басшылық етеді. Басшының бастамасымен орталықтың қызмет сапасын арттыру, материалдық-техникалық базасын нығайту және қызмет алушыларға қолайлы жағдай жасау бағытында бірқатар жұмыстар қолға алынған.

Жалпы алғанда, ауданымызда әлеуметтік қызмет көрсету орталығы ерекше жандарға қамқорлық жасап, олардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды жұмыстарды жүзеге асырып келеді. Мұнда әрбір қызмет алушыға жеке көңіл бөлініп, қоғамға бейімделуіне барынша жағдай жасалуда.

Ақбота ЖАЛҒАУОВА

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНАН МАТЕРИАЛДАР БЕРЕМІЗ

ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ

«АМАНАТ» ПАРТИЯСЫ АУДАНЫҚ ФИЛИАЛЫ ЖАНЫНДАҒЫ ПАРТИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ БАЛАҒАЗЫ ИМАНҒАЛИЕВ, ОРАЗҒАЛИ АЛҒАЯЗОВ, ҚАНАТ ҒҰМАРОВ, АУДАНЫҚ КӘСІПКЕРЛІК ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІНІҢ БАС МАМАНЫ САЛАМАТ ҚАБДолов ҚҰРМАНҒАЗЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ОРНАЛАСҚАН САУДА ОРЫНДАРЫНДАҒЫ 31 ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ БАҒАСЫНА МОНИТОРИНГ ЖҮРГІЗІП, ХАЛЫҚ КӨП КЕЛЕТІН КЕЙБІР НЫСАНДАРДАҒЫ ПАНДУСТЫҢ ТАЛАПҚА САЙ ЖАДЫҚТАЛУЫНА НАЗАР АУДАРДЫ.

«Құрманғазы СДО» АӨК-нің «Серпер» базарындағы дүкенінде сиыр еті 3300-4000, жылқы 4400, «Жұматаева. Н» ЖК-де сиырдың семіз еті 4000-4200 теңгемен сатылуда. Жеке кәсіпкер Жаңбырбай Нажимов, «Қайсағалиева А.И.» азық-түліктің көтерме

БАҒА МЕН ПАНДУСҚА МОНИТОРИНГ



сауда орындарында келімен алғанда I сортты бидай ұны – 270-280, бидай наны – 135-150, рожки – 370-440, қарақұмық – 300-350, күріш – 440-460, картоп – 250-280, сәбіз – 250-280, піяз – 200-230, қырыққабат – 220-250, қызанақ – 1100-1300, қияр – 900-1000, алма

– 700-900, құмшекер – 400-430, күнбағыс майы – 800-840, тартылған ет – 3800-4000, құс еті – 1600-1750, пастерленген сүт – 400-580, айран (майлылығы 2-3%) – 550-750, қаймақ – 930-1100, сүзбе – 1300-1400, ірімшіктің қатты түрі – 2800-3000, сары май – 5700-5800, тауық жұмыртқасы – 75-80, шәй – 1000-3500, ас тұзы 100-110 теңгемен тұр. Баға бірқалыпты, тек жұмыртқа ғана соңғы уақыттарда 20-30 теңгеге көтерілген.

«Жүгінісов» жеке кәсіпкерлігіне қарасты «Ярмарка» дүкеніндегі пандустың екінші жақ жақтауы жоқ екен. Иесі Мерей Жүгінісов алға қарай орнатуға уәде берді. Жаңадан салынған «Тұлпар» қонақ үйіне («ЖК Дайнов А») пандустың екі жағына жақтау салу, «Серпер сауда» ЖШС (ЖК Рахимов Р) қарасты сауда орталығына ғимаратты пандуспен қамту қажеттігі ескертілді. «Айбөбек» бөбекжай-балабақшасында екі бірдей пандус салынған. Мұнда балабақша ғимаратының ішіне кіретін жерін мүгедектер үшін ыңғайлы ету тапсырылды.

Өз тілшіміз